

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

империясының отарлауына әкелді.1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия тәуелсіздікке қол жеткізді, содан бері аймақ айтарлықтай саяси және экономикалық өзгерістерге ұшырады. Бүгінгі таңда Орталық Азия әртүрлі мәдениетт мен дәстүрлердің отаны.

Орта Азия елдеріндегі жастар саясатының ерекшелігі әлі де өзекті тақырыптардың бірі ретінде күн тәртібінде. Әлеуметтік жұмыс тұрғысынан салыстырмалы талдауды қажет ететін тақыры ретінде маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285youth>
2. Mills, C., 1959.The sociological imagination.New York: Oxford University Press, p.76
3. <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/202686>
4. https://www.youthpolicy.org/national/Tajikistan_2004_National_Youth_Law.pdf
<https://lex.uz/acts/3026250>
<https://www.ilo.org/dyn/natlex/docs/ELECTRONIC/96249/113690/F93951576/TRKM%20youth.pdf>

УДК 364 044

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРҒА ЖАСАЛҒАН МҮМКІНДІКТЕРДІ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕМЕН САЛЫСТЫРУ

Галымжанова Аружан Бауржанқызы

a.galymzahanova@inbox.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі: Сомжүрек Баубек Жұмашұлы

Қазіргі таңда Қазақстанда өзекті әлеуметтік мәселелердің қатарына мүмкіндігі шектеулі адамдардың күнделікті өмірде жеңіл жүріп -тұруының күрделілігі жатады. Тіршілік әрекетінің шектелуі адамның қалыпты жұмыс істеу қабілеттері мен мүмкіндіктерін толық немесе ішінара жоғалтуымен көрінеді. Барлық адамдар сияқты, мүмкіндігі шектеулі адамдардың да қажеттіліктері бар. Қанағаттандырылмаған қажеттіліктер мүмкіндігі шектеулі адамдарда әртүрлі салаларда көптеген мәселелер тудырады.

2006 жылы 13 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны қабылдады. 2015 жылғы 20 ақпанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. [1]

Конвенцияның басты бағыты-мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты кемсітушілікті жою, оларды еңбекке, денсаулық сақтауға, білім алуға және қоғам өміріне толыққанды қатысуына мүмкіндік беру, жүріп-тұру еркіндігін қамтамасыз ету.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары туралы конвенцияға сәйкес, ақылға қонымды орналастыру- мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары мен бостандықтарын басқалармен тең негізде пайдалануын қамтамасыз ету үшін керек болған жағдайда тиісті өзгертулер мен түзетулер енгізу. Бұл түсінік барлық мүдделі тараптардың құқықтарын тең сақтау талабын реттестіреді.

Басқарманың айтуы бойынша, мемлекеттік саясаттың бірінші реттегі міндеттерінің бірі – мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сүру сапасын арттыру және оларды әлеуметтік тұрғыда қолдау. [2] Мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі адамдарға арнайы әлеуметтік төлемдер, оңалту және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету үшін өтемақылар бөленеді

деп жарияланған болатын. 2022ші жылғы зерттеулерге сәйкес Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар 700 мыңнан астам адам тұрады. Соның ішінде:

68 500 – I топқа;

272 000 – II топқа;

261 000 – III топтарға жатады.

100 мыңнан астамы 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар.

Оларға берілетін жәрдемақыларға тоқталатын болсақ:

III топтағы мүгедектерге – 37500 теңге;

II топтағы мүгедектерге – 55 000 теңге;

I топтағы мүгедектерге – 69 000 теңге көлемінде жәрдемақы беріледі. Тұтынушылардың сөзіне сенсек, бұл қаражат олардың еркін өмір сүруіне жеткіліксіз.

Төмен жәрдемақымен қатар Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі адамдардың еңбекпен қамтылу мәселесі қиын. Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын арттырудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарының статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда белгілі бір мүгедектік тобы бар 680 мыңнан астам адам тұрады, оның ішінде 411 мың адам жұмыс істейді делінген. Алайда, мүгедектердің жалпы санынан тек 111,5 мың адам жұмыспен қамтылған (МТСП, 2019 ж.).

[3]

Бұндай төмен көрсеткіштердің себебі ретінде стандарттардың сақталмауын, әлі күнге дейін қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген көзқарастың нашар болуын атап өте аламыз.

Ал АҚШ-та еңбекке жарамды мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастырудан бас тарту заңсыз болып есептеледі. АҚШ мемлекетіндегі көптеген шаралар жұмыспен қамтуға қатысты, өйткені мүгедектер осыған байланысты шектетулерге жиі ұшырайды. Заңда қызметтік міндеттерін толық орындауға қабілетті мүгедектерді жұмысқа қабылдаудан бас тартуға тыйым салынған. Сондай-ақ олар кадр қызметкері жұмысқа қабылдау кезінде қоя алатын өтініш берушінің ерекшеліктері туралы сұрақтар тізімін шектейді. Тағы бір ереже федералды үкіметтің құны 50 000 доллардан асатын келісімшарттарды ұтып алғысы келетін компаниядан өз штатындағы бос жұмыс орындарының кемінде 7 пайызын мүгедек қызметкерлерге бөлуді, сондай-ақ жұмыс орнында тиісті жағдай жасауды талап етеді.

Жапонияда 1976 жылдан бастап әрбір жергілікті компания жұмысшылардың жалпы санына байланысты мүгедектерге белгілі бір жұмыс орнын беруге міндетті заң бар. Фирма жұмысшыны алып, оқытып, жұмысқа орналастыруы керек. [4]

Келесі кезектегі өзекті мәселелердің қатарына біз мүмкіндігі шектеулі адамдардың күнделікті өмірде еркін жүріп-тұра алмауын жатқыза аламыз. Елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдардың күнделікті өмірде қалай өмір сүретіні туралы сирек ойланамыз. Дамыған елдерде мүмкінді шектеулі адамдарды кездестіру қиын емес, ал біздің мемлекетімізде ол қиынға соғады. Бұл жерден біз дамыған елдерде мүмкіндіге шектеулі адамдар үшін «кедергісіз ортаның» қолайлы екенін байқай аламыз. Дамыған мемлекеттерде мүмкіндігі шектеулі адамдар мейрамханалар мен дүкендерге, кинотеатрларға еркін барып, қоғамдық көліктерде еркін қозғалыста бола алады. Қазақстанның көптеген елді мекендерінде қолайлы орта ережелері сақталмағанын байқай аламыз.

2019 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстанда Accessible Kazakhstan онлайн картасы енгізілді. Ол азаматтық қоғам өкілдері тексерген, мүмкіндігі шектеулі жандарға қалалық нысандар мен қызметтердің қолжетімділік деңгейін көрсетеді.

Интерактивті картаның арқасында біз кез-келген ғимараттың қозғалысы шектеулі адамдар үшін қаншалықты қолайлы екенін біле аламыз. Мысалы, пандус, дыбыс құрылғылары, тактильді жолдар бар ма, мүгедектер арбасын жүргізуге бола ма деген сияқты сұрақтарға жауап таба аламыз.

Осындай мүмкіндіктер бар болғанымен, мүмкіндігі шектеулі адамдардың еркін қозғалысы нашар дамыған. Мысалы, 1965 жылы досы көрмей қалған жапондық Мияке Сейичи тактильді блоктарды ойлап тапқан. Барлық жапон тротуарлары зағиптарға жол көрсететін

тактильді гофрленген плиткалармен қапталған. Мұндай адамдар арнайы аяқ киімнің жұқа табаны арқылы біркелкі емес плиткаларды сезінеді.

Жапондық қоғамдық көліктер де өз ерекшеліктерімен тәнті етеді. Бұл мемлекетте мүгедектердің жүріп-тұруын жеңіл әрі ыңғайлы болуы үшін қоғамдық көліктер енгізілген.

Сонымен қатар, елордалық мегаполис көшелерінде мүгедектер арбасының қозғалысына кедергі келтіретін биік бордюрлерді кездестіре алмайсыз. 2006 жылы жапон парламентшілері мүгедектер мен қарттардың кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ететін заң қабылдады.

Жапониядағы метро станцияларының көпшілігі мүгедектерге арналған лифттермен жабдықталған, олар әрқашан мінсіз жұмыс істейді, қажет болған жағдайда жергілікті метро қызметкерлері көмекке келеді.

АҚШ мемлекетінде барлық деңгейдегі үкіметтер мүгедектердің өз қызметтеріне, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, көлік, демалыс және т.б. қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндетті. Мектептер немесе қоғамдық дәретханалар сияқты осы қызметтерді көрсететін ғимараттар пандустармен және мүгедектер арбасына ыңғайлы басқа құрылғылармен және бедерлі шрифтпен арнайы түймелері бар лифтілермен жабдықталуы керек. Қаланың инфрақұрылымы мүгедектер үшін жақсы бейімделген. Арнайы тротуарларға арналған пандустар стандартты болып табылады. Қалалық автобустар мүгедектер арбасына отыруға арналған платформалармен жабдықталған, ал қала көшелерінен вокзалға өту үшін метро станцияларында лифттер орнатылған. «Паратранзит» арнайы әлеуметтік көлігі мүгедектігі мен жергілікті ерекшеліктеріне байланысты қоғамдық көлікті пайдалана алмайтындар үшін кеңінен қолданылады.

Мүгедектерге арналған осындай жағдайлар жеке сектордағы мемлекеттік мекемелердің көпшілігі үшін стандарт болып саналады, соның ішінде қонақүйлер, мейрамханалар, стадиондар, супермаркеттер, театрлар. Заңнама байланыс операторларын сөйлеу және есту қабілеті шектеулі пайдаланушылар үшін арнайы байланыс желілері мен құрылғыларына тәулік бойы қолдау көрсетуге міндеттейді. [4]

Біздің мемлекетімізде өкінішке орай көптеген мекендерде стандарттар сақталмаған. Еліміздегі 80% қоғамдық орындар мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолайлы емес. Көптеген денсаулық сақтау мекемелерінде, дүкендерде, қоғамдық орындарды пандустарға арналған стандарттар сақталмаған, дәретханалар арнайы жабдықталмаған.

Астана қаласындағы қоғамдық қорлардың бірінде 2021 ші жылы «Астана қаласындағы мүгедектерге арналған ғимараттардың қолжетімділігін бағалау» жобасы жүргізілген болатын. Жоба барысында 24 мыңға жуық объект зерттелген болатын. Жобаның қортындысына қысқаша тоқталып өтетін болсақ:

ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК ЭЛЕМЕНТТЕРІ		БАҒАЛАУ НӘТИЖЕСІ	
№	Әдістеме бойынша бағалаулар	Қолжетімді	Қолжетімді емес
1	Көмек шақыру мүмкіндігі	810	18,216
2	Қолжетімді лифт	6,883	12,143
3	Қолжетімді пандус	5,766	13,260
4	Арнайы дәретхана	5,244	13,782
5	Қолжетімді лифт	17,755	1,271

Бұл қортындыдан біз енгізетін өзгерістер көп екендігін байқай аламыз. Мүлікке қолжетімділіктің осы анықтамасына сүйене отырып, бағалау барлық бағаланған жылжымайтын мүліктің тек 24 объектіге (0,13%) толық қолжетімді екенін көрсетті. Қалған 19 002 мүлікке (99,87%) кіру мүмкін емес.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев нысандардың қолжетімділігіне қатысты қазіргі жағдайды «қолайсыз» деп сипаттады.

«Біз тіпті қол жетімділік шарттарын сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті енгіздік, бірақ қолданыстағы стандарттар барлық жерде бұзылады. Іс жүзінде қозғалу мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өз үйлерін тастап, көшеге өздігінен шығуға қарапайым мүмкіндігі әрқашан бола бермейді. Кез келген нысанға қалай жету және оның ішінде қозғалу туралы айтпағанның өзінде. Бұл алаңдатарлық және жол беруге болмайтын жағдайды түбегейлі өзгерту қажет», - деді Мемлекет басшысы 2021 жылғы 25 ақпанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 5-ші отырысында сөйлеген сөзінде.

Қортындылайтын болсақ, еліміздегі мүмкіндігі шектеулі адамдарға көрсетілетін әлеуметтік қызметтерді толығымен нашар деп айта алмаймыз, бірақ та шетелдік тәжірибеге сүйене отырып шешетін сұрақтар да аз емес. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сапасын жақсарту - Қазақстанның экономикасын жақсартуға деген үлкен қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ООН, 2006, «Некоторые факты об инвалидах», Международная конвенция о правах инвалидов: www.un.org/disabilities/convention/pdfs/factsheet.pdf
2. Кусаинова И. Қазақстандағы балалар жылы – формальды көзқарас? [Электрондық ресурс] URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/god-detej-v-kazahstane-formalnyj-podhod#:~:text=%D0%9D%D0%B0%201%20%D0%B8%D1%8E%D0%BB%D1%8F%202022%20%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B0,587%20%D0%B4%D0%B5%D1%82%D0%B5%D0%B9%20%D0%B4%D0%BE%2018%20%D0%BB%D0%B5%D1%82>
3. Мануилова Н. Трудоустройство людей с инвалидностью – роль цифровых навыков. – 13 б.
4. "РГ" рассказывает, как поддерживают инвалидов в разных странах [Электрондық ресурс] URL: <https://rg.ru/2019/04/15/rg-rasskazyvaet-kak-podderzhivaiut-invalidov-v-raznyh-stranah.html>

ӘОЖ 316.72

М.ДУЛАТОВТЫҢ «БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ШЫНДЫҚТЫ КОНСТРУКЦИЯЛАУ

Гульназ Есимханова, Назым Жанибекова, Ұлжалғас Шалхар
nazymzhez@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтану кафедрасы студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Алмаш Айқынбайқызы

Аннотация. Мақалада П. Бергер мен Т. Лукманның «Шындықты әлеуметтік конструкциялау» еңбегінің негізінде «Бақытсыз Жамал» романы талданды. Романдағы сюжеттен сол уақыттағы қоғам көрінісінен мысалдар келтіріп, әлеуметтік конструктивизм, институттар және олардың қоғамдағы интеграциясы сипатталды. Авторлар қозғаған әлеуметтік конструктивизм теориясы әлеуметтік шындықтар мен мәдени құндылықтардың қалай қалыптасып, сақталатынын зерттеуге мүмкіндік беретіндіктен, қоғамның динамикасы мен оның өзгеруін түсіну үшін маңызды.

Негізгі ұғымдар: әлеуметтік конструктивизм, институционализация, легитимация, интеграция, құрылған шындық, дәстүр.

Кіріспе. Әлеуметтік конструктивизм – Питер Бергер мен Томас Лукманның «Шындықты әлеуметтік конструкциялау» (1966) кітабында дамыған танымның әлеуметтанулық теориясы. Әлеуметтік конструктивизмнің мақсаты – адамдар мен адамдар